

2022-2024 жылдарға арналған Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданының аудандық бюджетін бекіту туралы

Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы мәслихатының 2021 жылғы 24 желтоқсандағы № 10/1 шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 30 желтоқсанда № 26232 болып тіркелді.

Ескерту. 01.01.2022 бастап қолданысқа енгізіледі - осы шешімнің 14-тармағымен.

Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 9-бабы 2-тармағына, 75-бабына, Қазақстан Республикасы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабына сәйкес Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданының мәслихаты ШЕШТІ:

1. 2022-2024 жылдарға арналған Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданының аудандық бюджеті көрсетілген шешімге тиісінше 1, 2, 3-қосымшаларға сәйкес, оның ішінде 2022 жылға мынадай көлемдерде бекітілсін:

- 1) кірістер – 6 794 284,9 мың теңге:
 - салықтық түсімдер – 595 179,7 мың теңге;
 - салықтық емес түсімдер – 29 735 мың теңге;
 - негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер – 22 136 мың теңге;
 - трансферттер түсімі – 6 147 234,2 мың теңге;
- 2) шығындар – 7 047 149 мың теңге;
- 3) таза бюджеттік кредиттеу – 47 308 мың теңге:
 - бюджеттік кредиттер – 71 452 мың теңге;
 - бюджеттік кредиттерді өтеу – 24 144 мың теңге;
- 4) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо – 0 теңге;
 - қаржы активтерін сатып алу – 0 теңге;
 - мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер – 0 теңге;
- 5) бюджет тапшылығы (профициті) – - 300 172,1 мың теңге;
- 6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) – 300 172,1 мың теңге:
 - қарыздар түсімі – 71 452 мың теңге;
 - қарыздарды өтеу – 24 144 мың теңге;
 - бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары – 252 864,1 мың теңге.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы мәслихатының 18.02.2022 № 12/1 (01.01.2022 бастап қолданысқа енгізіледі); 08.04.2022 № 14/1 (01.01.2022 бастап қолданысқа енгізіледі) ; 20.06.2022 № 17/1 (01.01.2022 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімдерімен; 11.08.2022 № 18/1 (01.01.2022 бастап

қолданысқа енгізіледі) ; 16.11.2022 № 20/1 (01.01.2022 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімдерімен.

2. 2022 жылға арналған аудандық бюджеттің кірістері Қазақстан Республикасының Бюджеттік кодексіне сәйкес келесі салықтық түсімдер есебінен құрастырылады деп белгіленсін:

облыстық мәслихат белгілеген кірістерді бөлу нормативтері бойынша әлеуметтік салыққа;

ауылдық округтің аумағындағы осы салықты салу объектілері бойынша жеке тұлғалардың мүлкіне салынатын салықты қоспағанда, жеке және заңды тұлғалардың, дара кәсіпкерлердің мүлкіне салынатын салыққа;

бірыңғай жер салығына;

бензинге (авиациялық бензинді қоспағанда) және дизель отынына акциздерге;

жер учаскелерін пайдаланғаны үшін төлемақыға;

коммерциялық ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларды, олардың филиалдары мен өкілдіктерін қоспағанда, заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркегені және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркегені, сондай-ақ оларды қайта тіркегені үшін алымына;

көлік құралдарын мемлекеттік тіркегені, сондай-ақ оларды қайта тіркегені үшін алымына;

республикалық бюджет есебіне жазылатын консулдық алымнан және мемлекеттік баждардан басқа, мемлекеттік бажға.

3. Аудандық бюджет кірістері келесі салықтық емес түсімдер есебінен құрастырылады деп белгіленсін:

коммуналдық меншіктен түсетін кірістерден:

аудан әкімдігінің шешімі бойынша құрылған коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындардың таза кірісі бөлігінің түсімдерінен;

ауданның коммуналдық меншігіндегі акциялардың мемлекеттік пакеттеріне дивидендтерден;

ауданның коммуналдық меншігіндегі заңды тұлғаларға қатысу үлестеріне кірістерден;

ауылдық округ әкімдерінің басқаруындағы, ауданның коммуналдық меншігінің мүлкін жалға беруден түсетін кірістерді қоспағанда, ауданның коммуналдық меншігінің мүлкін жалға беруден түсетін кірістерден;

аудандық бюджеттен берілген кредиттер бойынша сыйақылардан;

ауданның коммуналдық меншігінен түсетін басқа да кірістерден;

аудандық бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелердің тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізуінен түсетін түсімдерден;

аудандық бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер ұйымдастыратын мемлекеттік сатып алуды өткізуден түсетін ақша түсімдерінен;

аудандық бюджетке түсетін басқа да салықтық емес түсімдер.

4. Аудандық бюджеттің кірістері негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер есебінен құрастырылады деп белгіленсін:

аудандық бюджеттен қаржыландырылатын, мемлекеттік мекемелерге бекітіп берілген мемлекеттік мүлікті сатудан түсетін ақша;

ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерін қоспағанда, жер учаскелерін сатудан түсетін түсімдер;

жер учаскелерін жалға беру құқығын сатқаны үшін төлемақылар.

5. Аудандық бюджеттен берілген кредиттерді өтеуден, ауданның коммуналдық меншігіндегі мемлекеттің қаржы активтерін сатудан, ауданның жергілікті атқарушы органының қарыздарын өтеуден түсетін түсімдер аудандық бюджеттің есебіне жатқызылады.

6. Аудандық бюджеттен 2022 жылға арналған ауылдық округ бюджеттеріне берілетін бюджеттік субвенциялар 466 665 мың теңге сомасында белгіленсін:

Архангелка ауылдық округіне – 38 366 мың теңге;

Благовещенка ауылдық округіне – 51 439 мың теңге;

Жамбыл ауылдық округіне – 28 243 мың теңге;

Казанка ауылдық округіне – 41 097 мың теңге;

Қайранкөл ауылдық округіне – 40 678 мың теңге;

Кладбинка ауылдық округіне – 37 695 мың теңге;

Майбалық ауылдық округіне – 33 658 мың теңге;

Мирный ауылдық округіне – 21 029 мың теңге;

Озерный ауылдық округіне – 22 652 мың теңге;

Первомай ауылдық округіне – 24 701 мың теңге;

Преснов ауылдық округіне – 82 639 мың теңге;

Пресноредут ауылдық округіне – 23 581 мың теңге;

Троицкий ауылдық округіне – 20 887 мың теңге.

7. 2022 жылға арналған ауданның жергілікті атқарушы органының қоры 0 теңге сомасында бекітілсін.

Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда - Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы мәслихатының 16.11.2022 № 20/1 (01.01.2022 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

8. 2022 жылға арналған аудандық бюджетте республикалық бюджеттен нысаналы трансферттер ескерілсін.

Республикалық бюджеттен көрсетілген ағымдағы нысаналы трансферттерді бөлу Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы әкімдігінің 2022-2024 жылдарға арналған аудандық бюджет туралы Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы мәслихатының шешімін іске асыру туралы қаулысымен айқындалады.

9. 2022 жылға арналған аудандық бюджетте "Ауыл-Ел бесігі" жобасы шеңберінде ауылдық елді мекендердегі әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылымдарды дамытуға нысаналы трансферттердің түсімдері ескерілсін.

Көрсетілген нысаналы трансферттерді бөлу Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы әкімдігінің 2022-2024 жылдарға арналған аудандық бюджет туралы Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы мәслихатының шешімін іске асыру туралы қаулысымен айқындалады.

10. 2022 жылға арналған аудандық бюджетте ауылдық елді мекендерге жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мамандарға, ауылдар, ауылдық округтер әкімдері аппараттарының мемлекеттік қызметшілеріне әлеуметтік қолдау шараларын жүзеге асыру үшін республикалық бюджеттен тұрғын үй сатып алу немесе салу үшін бюджеттік кредиттер 71 452 мың теңге сомасында ескерілсін.

Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда - Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы мәслихатының 16.11.2022 № 20/1 (01.01.2022 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

11. 2022 жылға арналған аудандық бюджетте облыстық бюджеттен нысаналы трансферттер ескерілсін.

Облыстық бюджеттен көрсетілген ағымдағы нысаналы трансферттерді бөлу Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы әкімдігінің 2022-2024 жылдарға арналған аудандық бюджет туралы Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы мәслихатының шешімін іске асыру туралы қаулысымен айқындалады.

12. 2022 жылға арналған аудандық бюджетте ауылдық округтер бюджеттеріне нысаналы трансферттер қарастырылсын.

Көрсетілген нысаналы трансферттерді бөлу Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл аудан әкімдігінің 2022-2024 жылдарға арналған аудандық бюджет туралы Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы мәслихатының шешімін іске асыру туралы қаулысымен айқындалады.

13. Бюджет қаражаты есебінен ауылдық елді мекендерде тұратын және жұмыс істейтін мемлекеттік ұйымдардағы денсаулық сақтау, әлеуметтік қамтамасыз ету, білім, мәдениет, спорт және ветеринария мамандарына отын сатып алуға әлеуметтік көмек қарастырылсын.

13-1. Аудандық бюджеттің шығыстары 2022 жылғы 1 қаңтарда қалыптасқан бюджет қаражатының бос қалдықтары және 2021 жылы пайдаланылмаған (толық пайдаланылмаған) республикалық және облыстық бюджеттердің нысаналы трансферттерін қайтару есебінен осы шешімнің 4- қосымшасына сәйкес қарастырылсын.

Ескерту. Шешім 13-1-тармақпен толықтырылды - Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы мәслихатының 18.02.2022 № 12/1 (01.01.2022 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

13-2. 2022 жылға арналған аудандық бюджетте Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан берілетін кепілдендірілген трансферт есебінен ағымдағы нысаналы трансферттер түсімі ескерілсін.

Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан көрсетілген ағымдағы нысаналы трансферттерді бөлу Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы әкімдігінің 2022-2024 жылдарға арналған аудандық бюджет туралы Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы мәслихатының шешімін іске асыру туралы қаулысымен айқындалады;

Ескерту. Шешім 13-2-тармақпен толықтырылды - Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы мәслихатының 20.06.2022 № 17/1 (01.01.2022 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

13-3. 2022 жылға арналған аудандық бюджетте Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан берілетін кепілдендірілген трансферт есебінен нысаналы даму трансферттерінің түсімі ескерілсін.

Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан көрсетілген нысаналы даму трансферттерін бөлу Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы әкімдігінің 2022-2024 жылдарға арналған аудандық бюджет туралы Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы мәслихатының шешімін іске асыру туралы қаулысымен айқындалады.

Ескерту. Шешім 13-3-тармақпен толықтырылды - Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы мәслихатының 20.06.2022 № 17/1 (01.01.2022 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

14. Осы шешім 2022 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

Жамбыл ауданы мәслихатының хатшысы

Л. Топорова

Солтүстік Қазақстан облысы
Жамбыл ауданы мәслихатының
2021 жылғы 24 желтоқсандағы
№ 10/1 шешіміне
1-қосымша

2022 жылға арналған Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданының бюджеті

Ескерту. 1-қосымша жана редакцияда - Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы мәслихатының 18.02.2022 № 12/1 (01.01.2022 бастап қолданысқа енгізіледі); 08.04.2022 № 14/1 (01.01.2022 бастап қолданысқа енгізіледі) ; 20.06.2022 № 17/1 (01.01.2022 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімдерімен; 11.08.2022 № 18/1 (01.01.2022 бастап қолданысқа енгізіледі) ; 16.11.2022 № 20/1 (01.01.2022 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімдерімен.

Санаты	Сыныбы	Кіші сыныбы	Атауы	Сомасы (мың теңге)
1	2	3	4	5
			1) Кірістер	6 794 284,9
1			Салықтық түсімдер	595 179,7
	03		Әлеуметтік салық	412 869,7
		1	Әлеуметтік салық	412 869,7
	04		Меншікке салынатын салықтар	74 098

		1	Мүлікке салынатын салықтар	74 098
	05		Тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге салынатын ішкі салықтар	106 073
		2	Акциздер	1 867
		3	Табиғи және басқа да ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер	96 795
		4	Кәсіпкерлік және кәсіби қызметті жүргізгені үшін алынатын алымдар	7 411
	08		Зандық маңызы бар әрекеттерді жасағаны және (немесе) оған уәкілеттігі бар мемлекеттік органдар немесе лауазымды адамдар құжаттар бергені үшін алынатын міндетті төлемдер	2 139
		1	Мемлекеттік баж	2 139
2			Салықтық емес түсімдер	29 735
	01		Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер	19 054
		5	Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	4 803
		7	Мемлекеттік бюджеттен берілген кредиттер бойынша сыйақылар	20
		9	Мемлекет меншігінен түсетін басқа да кірістер	14 231
	03		Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер ұйымдастыратын	377

			<p>мемлекеттік сатып алуды өткізуден түсетін ақша түсімдері</p>	
		1	<p>Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер ұйымдастыратын мемлекеттік сатып алуды өткізуден түсетін ақша түсімдері</p>	377
	04		<p>Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) ұсталатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар</p>	333
		1	<p>Мұнай секторы ұйымдарынан және Жәбірленушілерге өтемақы қорына түсетін түсімдерді қоспағанда, мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) ұсталатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар,</p>	333

			өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	
	06		Басқа да салықтық емес түсімдер	9 971
		1	Басқа да салықтық емес түсімдер	9 971
3			Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	22 136
	01		Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	516
		1	Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	516
	03		Жерді және материалдық емес активтерді сату	21 620
		1	Жерді сату	21 620
4			Трансферттер түсімі	6 147 234,2
	01		Төмен тұрған мемлекеттік басқару органдарынан трансферттер	20,7
		3	Аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтардың бюджеттерінен трансферттер	20,7
	02		Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	6 147 213,5
		2	Облыстық бюджеттен түсетін трансферттер	6 147 213,5
Функцио-налдық топ	Бюджеттік бағдарла-малардың әкімшісі	Бағдар-лама	Атауы	Сомасы (мың теңге)
1	2	3	4	5

			2) Шығындар	7 047 149
01			Жалпы сипаттағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер	608 558,4
	112		Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының аппараты	45 417
		001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	41 802
		003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	1 439
		005	Мәслихаттар депутаттары қызметінің тиімділігін арттыру	2 176
	122		Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	241 545,7
		001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	192 665,7
		003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	8 381,8
		113	Төменгі тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы ағымдағы трансферттер	40 498,2
	459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	89 197,1
		003	Салық салу мақсатында мүлікті бағалауды жүргізу	1 046
			Жекешелендіру, коммуналдық меншікті басқару,	

		010	жекешелендіруден кейінгі қызмет және осыған байланысты дауларды реттеу	304
		028	Коммуналдық меншікке мүлікті сатып алу	16 000
		001	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономикалық саясаттын қалыптастыру мен дамыту, мемлекеттік жоспарлау, бюджеттік атқару және коммуналдық меншігін басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	65 567,1
		113	Төменгі тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы ағымдағы трансферттер	6 280
	495		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	232 398,6
		001	Жергілікті деңгейде сәулет, құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	44 593

		003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	8 154
		113	Төменгі тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы ағымдағы трансферттер	179 651,6
02			Қорғаныс	15 078,2
	122		Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	15 078,2
		005	Жалпыға бірдей әскери міндетті атқару шеңберіндегі іс-шаралар	8 172
		006	Аудан (облыстық маңызы бар қала) ауқымындағы төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою	6 386,2
		007	Аудандық (қалалық) ауқымдағы дала өрттерінің, сондай-ақ мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдары құрылмаған елді мекендерде өрттердің алдын алу және оларды сөндіру жөніндегі іс-шаралар	520
06			Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру	605 817,5
	451		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	605 817,5
		005	Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек	54 966
		002	Жұмыспен қамту бағдарламасы	187 935,8

		004	Ауылдық жерлерде тұратын денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамтамасыз ету, мәдениет, спорт және ветеринар мамандарына отын сатып алуға Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әлеуметтік көмек көрсету	2 379
		007	Жергілікті өкілетті органдардың шешімі бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген топтарына әлеуметтік көмек	23 305
		010	Үйден тәрбиеленіп оқытылатын мүгедек балаларды материалдық қамтамасыз ету	981
		014	Мұқтаж азаматтарға үйде әлеуметтік көмек көрсету	173 837
		017	Оңалтудың жеке бағдарламасына сәйкес мұқтаж мүгедектерді протездік-ортопедиялық көмек, сурдотехникалық құралдар, тифлотехникалық құралдар, санаторий-курорттық емделу, міндетті гигиеналық құралдармен қамтамасыз ету, арнаулы жүріп-тұру құралдары, қозғалуға қиындығы бар бірінші топтағы мүгедектерге жеке көмекшінің және есту бойынша	34 578

			мүгедектерге қолмен көрсететін тіл маманының қызметтері мен қамтамасыз ету	
		023	Жұмыспен қамту орталықтарының қызметін қамтамасыз ету	80 350
		001	Жергілікті деңгейде халық үшін әлеуметтік бағдарламаларды жұмыспен қамтуды қамтамасыз етуді іске асыру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	46 870,7
		011	Жәрдемақыларды және басқа да әлеуметтік төлемдерді есептеу, төлеу мен жеткізу бойынша қызметтерге ақы төлеу	615
07			Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	466 887,7
	495		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	466 887,7
		008	Мемлекеттік тұрғын үй қорын сақтауды ұйымдастыру	41 777,9
		011	Азаматтардың жекелеген санаттарын тұрғын үймен қамтамасыз ету	55 371,5
			Инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды	

		033	жобалау, дамыту және (немесе) жайластыру	65 567,7
		016	Сумен жабдықтау және су бұру жүйесінің жұмыс істеуі	12 494,6
		058	Ауылдық елді мекендердегі сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін дамыту	291 676
08			Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік	264 605
	819		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімі	92 838
		009	Мәдени-демалыс жұмысын қолдау	92 838
	495		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	1 971
		021	Спорт объектілерін дамыту	1 971
	819		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімі	169 796
		014	Аудандық (облыстық маңызы бар қалалық) деңгейде спорттық жарыстар өткізу	1 800
		015	Әртүрлі спорт түрлері бойынша аудан (облыстық маңызы бар қала) құрама командаларының	9 749

			мүшелерін дайындау және олардың облыстық спорт жарыстарына қатысуы	
		005	Мемлекеттік ақпараттық саясат жүргізу жөніндегі қызметтер	13 999
		007	Аудандық (қалалық) кітапханалардың жұмыс істеуі	62 215
		008	Мемлекеттік тілді және Қазақстан халқының басқа да тілдерін дамыту	574
		001	Ақпаратты, мемлекеттілікті нығайту және азаматтардың әлеуметтік сенімділігін қалыптастыру саласында жергілікті деңгейде мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	56 034
		003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	193
		004	Жастар саясаты саласында іс-шараларды іске асыру	15 873
		032	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	2 670
		113	Төменгі тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы ағымдағы трансферттер	6 689
			Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын	

10			табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары	109 047,1
	811		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ауыл шаруашылық, кәсіпкерлік және ветеринария бөлімі	53 566
		001	Жергілікті деңгейде ауыл шаруашылығы, кәсіпкерлік және ветеринария саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	50 796
		006	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	2 770
	463		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жер қатынастары бөлімі	25 546,1
		001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) аумағында жер қатынастарын реттеу саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	23 547
		003	Елді мекендерді жер-шаруашылық орналастыру	1 630,6
		007	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	368,5
	459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	29 935
		099	Мамандарға әлеуметтік қолдау	29 935

			көрсету жөніндегі шараларды іске асыру	
12			Көлік және коммуникация	1 058 469,5
	495		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	1 058 469,5
		023	Автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету	138 409,7
		034	К ө л і к инфрақұрылымының басым жобаларын іске асыру	312 701,3
		045	Аудандық маңызы бар автомобиль жолдарын және елді-мекендердің көшелерін күрделі және орташа жөндеу	603 173,5
		039	Әлеуметтік маңызы бар қалалық (ауылдық), қала маңындағы және ауданішілік қатынастар бойынша жолаушылар тасымалдарын субсидиялау	4 185
13			Басқалар	304 413,4
	495		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	264 773,2
			"Ауыл-Ел бесігі" жобасы шеңберінде	

		079	ауылдық елді мекендердегі әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылымдарды дамыту	264 773,2
	819		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімі)	39 640,2
		052	"Ауыл-Ел бесігі" жобасы шеңберінде ауылдық елді мекендердегі әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылым бойынша іс-шараларды іске асыру	39 640,2
14			Борышқа қызмет көрсету	707,7
	459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	707,7
		021	Жергілікті атқарушы органдардың облыстық бюджеттен қарыздар бойынша сыйақылар мен өзге де төлемдерді төлеу бойынша борышына қызмет көрсету	707,7
15			Трансферттер	3 613 564,5
	459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	3 613 564,5
		006	Пайдаланылмаған (толық пайдаланылмаған) нысаналы трансферттерді қайтару	23 366,2

		024	Заңнаманы өзгертуге байланысты жоғары тұрған бюджеттің шығындарын өтеуге төменгі тұрған бюджеттен ағымдағы нысаналы трансферттер	2 924 404
		038	Субвенциялар	466 665
		054	Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан берілетін нысаналы трансферт есебінен республикалық бюджеттен бөлінген пайдаланылмаған (түгел пайдаланылмаған) нысаналы трансферттердің сомасын қайтару	199 129,3
			3) Таза бюджеттік кредиттеу	47 308
			Бюджеттік кредиттер	71 452
10			Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған органы және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары	71 452
	459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	71 452
		018	Мамандарды әлеуметтік қолдау шараларын іске асыру үшін бюджеттік кредиттер	71 452
Санаты	Сыныбы	Кіші сыныбы	Атауы	Сомасы (мың теңге)
5			Бюджеттік кредиттерді өтеу	24 144

	01		Бюджеттік кредиттерді өтеу	24 144
		1	Мемлекеттік бюджеттен берілген бюджеттік кредиттерді өтеу	24 144
Функцио-налдық топ	Бюджеттік бағдарла-малардың әкімшісі	Бағдар-лама	Атауы	Сомасы (мың теңге)
			4) Қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо	0
			Қаржы активтерін сатып алу	0
13			Басқалар	0
	495		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	0
		065	Заңды тұлғалардың жарғылық капиталын қалыптастыру немесе ұлғайту	0
Санаты	Сыныбы	Кіші сыныбы	Атауы	Сомасы (мың теңге)
6			Мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер	0
	01		Мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер	0
		1	Қаржы активтерін ел ішінде сатудан түсетін түсімдер	0
			5) Бюджет тапшылығы (профициті)	(-300 172,1
			6) Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану)	(300 172,1
7			Қарыздар түсімдері	71 452

	01		Мемлекеттік ішкі қарыздар	71 452
		2	Қарыз алу келісім-шарттары	71 452
Функцио-налдық топ	Бюджеттік бағдарла-малардың әкімшісі	Бағдар-лама	Атауы	Сомасы (мың теңге)
16			Қарыздарды өтеу	24 144
	459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	24 144
		005	Жергілікті атқарушы органның жоғары тұрған бюджет алдындағы борышын өтеу	24 144
Санаты	Сыныбы	Кіші сыныбы	Атауы	Сомасы (мың теңге)
8			Бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары	252 864,1
	01		Бюджет қаражаты қалдықтары	252 864,1
		1	Бюджет қаражатының бос қалдықтары	252 864,1

Солтүстік Қазақстан облысы
Жамбыл ауданы мәслихатының
2021 жылғы 24 желтоқсандағы
№ 10/1 шешіміне
2-қосымша

2023 жылға арналған Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданының бюджеті

Са на ты	Сыныбы	Кіші сыныбы	Атауы	Сомасы (мың теңге)
1	2	3	4	5
			1) Кірістер	4 490 699
1			Салықтық түсімдер	463 402
	03		Әлеуметтік салық	296 622
		1	Әлеуметтік салық	296 622
	04		Меншікке салынатын салықтар	67 119
		1	Мүлікке салынатын салықтар	66 948
		5	Бірыңғай жер салығы	171

	05		Тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге салынатын ішкі салықтар	96 634
		2	Акциздер	2 075
		3	Табиғи және басқа да ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер	87 239
		4	Кәсіпкерлік және кәсіби қызметті жүргізгені үшін алынатын алымдар	7 320
	08		Заңдық маңызы бар әрекеттерді жасағаны және (немесе) оған уәкілеттігі бар мемлекеттік органдар немесе лауазымды адамдар құжаттар бергені үшін алынатын міндетті төлемдер	3 027
		1	Мемлекеттік баж	3 027
2			Салықтық емес түсімдер	8 326
	01		Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер	3 745
		5	Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	3 174
		7	Мемлекеттік бюджеттен берілген кредиттер бойынша сыйақылар	437
		9	Мемлекет меншігінен түсетін басқа да кірістер	134
	04		Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) ұсталатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	782
		1	Мұнай секторы ұйымдарынан және Жәбірленушілерге өтемақы қорына түсетін түсімдерді қоспағанда, мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) ұсталатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	782
	06		Басқа да салықтық емес түсімдер	3 799
		1	Басқа да салықтық емес түсімдер	3 799
3			Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	9 202
	01		Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	1 905
		1	Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	1 905
	03		Жерді және материалдық емес активтерді сату	7 297
		1	Жерді сату	7 297
4			Трансферттер түсімі	4 009 769
	02		Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	4 009 769
		2	Облыстық бюджеттен түсетін трансферттер	4 009 769
Функционалдық топ	Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі	Бағдарлама	Атауы	Сомасы (мың теңге)
1	2	3	4	5
			2) Шығындар	4 490 699
01			Жалпы сипаттағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер	306 933

112		Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының аппараты	35 842
	001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	35 842
122		Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	171 893
	001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	168 893
	003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	3 000
459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	57 280
	003	Салық салу мақсатында мүлікті бағалауды жүргізу	1 120
